

Бұдан әрі - коммуналдық мемлекеттік мекемесі
11.01.
ҚАҢДЫ ТҮЛГАН
ҚАҒАЗАТҚА ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 8 1104 000 1558
18.08.17

Павлодар облысы
қаржы басқармасының
2021 жылғы 5 қазіргі
№ 1
бұйрығымен бекітілді

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің "Абай жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «Абайжалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - коммуналдық мемлекеттік мекемесі) заңды тұлға мәртебесі бар, коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында білім беру саласында қызметтерін іске асыру үшін құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекемесі 1999 жылғы 17 ақпандағы № 57 Ертіс ауданы әкімдігінің шешімімен құрылған. Ертіс ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 27 тамыздағы «Ертіс ауданының білім беру мекемелерін қайта атау туралы» № 247/8 қаулысымен қайта аталды. Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы «Коммуналдық меншіктің кейбір мәселелері туралы» № 276/5 қаулысына сәйкес қайта аталды.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган - Павлодар облысының әкімдігі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сонымен қатар коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің қызметіне қатыстылығы бойынша жүзеге асыратын органы – Павлодар облысының білім беру басқармасы "Ертіс ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің "Абай жалпы орта білім беру мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орыс тіліндегі атауы: Коммунальное государственное учреждение «Абайская средняя общеобразовательная школа» отдела образования Иртышского района, управления образования Павлодарской области.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140503, Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Голубовка ауылы, Школьная көшесі, 12.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы бар мөрі болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңдарымен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда, басқа заңды тұлғаны құрай алмайды, сондай-ақ, құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік облыстық бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі жасасқан азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрілігі қазынашылығының аумақтық бөлімшесінде міндетті түрде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні мен мақсаты

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты білім алушылармен мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, бастауыш, орта негізгі және жалпы орта білімнің жалпы білім беру оқыту бағдарламаларын меңгеру болып табылады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің мақсаттарына жету үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған орта (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытуды алу үшін мекемеде қажетті жағдайлар жасау;

3) күзиретті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру бағдарламаларын меңгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдайларды жасау;

4) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарымен қарастырылған базистік ғылым негіздерін білім алушылармен алуын қамтамасыз ету;

5) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани, дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

6) азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген әрекеттерге төзбеуге тәрбиелеу;

7) жеке тұлғаны белсенді азаматтық ұстанымы болатындай тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

8) әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне қатыстыру; Қазақстан Республикасында тұратын қазақ халқы мен басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

9) ерекше білім беру қажеттіліктері мен дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайларды жасау;

10) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізімдемесіне сәйкес жеке тұлғаларға мемлекеттік қызметтерді көрсету;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге қызметін жүзеге асыру;

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме осы жарғыда белгіленбеген қызметті жүзеге асыруға, сонымен қатар қызметінің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін мәмілелерді жасасуға құқықылы емес.

16. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе құрылтайлық құжаттарда шектелген, немесе оның басшысы жарғылық құзіреттілігін бұзушылығымен іс-әрекет етудің мақсаттарына қайшы келетін, коммуналдық мемлекеттік мекемеде жасалған келісім Басқару органының немесе облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның, жергілікті атқарушы органның немесе прокурордың қуышымы бойынша жарамсыз болып танылуы мүмкін.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметері

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;

2) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

3) қысқартылған оқыту мерзімімен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;

- 4) ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жыл сайын ағымдағы оқу жылының соңына дейін:
- алдағы оқу жылында пайдалануға ұсынылатын оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдары мен қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесі туралы;
 - алдағы оқу жылында пайдаланылатын оқу материалдарының тізбесі туралы хабардар ету.
- 5) егер осы Заңда және қабылдаудың Үлгілік ережесінде өзгеше көзделмесе, білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың, тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастыру;
- 6) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологиясын енгізу;
- 7) ұлттық бірыңғай тестілеуді қоспағанда, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу;
- 8) өз қаржы қаражаттары шектерінде коммуналдық мемлекеттік мекемедегі қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымдық айлықақылар (ставкалар), қосымша ақылар, үстеме ақылар және өзге де ынталандыратын төлемдер белгілеу;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен педагогтердің міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуін қамтамасыз ету;
- 11) білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жаратқандыру мен жабдықтау;
- 12) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту;
- 13) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету;
- 14) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне әкімшілік деректерді беруді қамтамасыз ету;
- 15) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер материалдық қамсыздандыру түрлерінің уақтылы берілуін қамтамасыз ету;
- 16) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті табыс ету;
- 18) кадрларды кәсіби даярлау заманауи түрлерін енгізу.

5. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімдемесі

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеме жалпы білім беру оқыту бағдарламаларын жүзеге асырады:

- 1) Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту;
- 2) бастауыш білім беру;
- 3) негізгі орта білім беру;
- 4) жалпы орта білім беру.

6. Білім беру ұйымына қабылдау, сонымен қатар білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару тәртібі

19. Білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін коммуналдық мемлекеттік мекемесіне оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде белгіленеді.

20. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары негізінде «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінен бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру білім бағдарламаларын іске асыратын басқа білім беру ұйымына ауыстыру растау құжаттарының негізінде білім беру ұйымының басшысы бұйрығымен жүргізіледі.

22. Білім алушыларды білім беру ұйымдарына қабылдау кезінде білім беру ұйымдарының басшылары ата-анасымен немесе балалар не білім алушылардың өзге заңды өкілдерімен білім беру қызметтерін көрсетуге шартты жасасады.

Тәрбиеленушілерді шағын орталыққа қабылдау және жалпы қызметті ұйымдастыру "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес екі жылдан бастап жүзеге асырылады.

Тәрбиеленушінің шағын орталықтағы орны мынадай жағдайларда сақталады:

1) тәрбиеленушінің денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда науқастануы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оңалтылуы (көрсетілім бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің тәрбиеленушіні жылына екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтініші берілген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңіне.

23. Білім алушылар коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылданған кезде соңғысы оны және /немесе/ ата-аналарын /олардың орнына жүрген тұлғаларды/ жарғымен және білім беру үдерісін ұйымдастыруды реттейтін өзге құжаттармен таныстыруға міндетті.

24. Он алты жасқа дейінгі балаларды орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардан шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы ұйымдардың келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардан шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді шағын орталықтан шығару келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт болмаған жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның орталықта болуына келергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда жол берілмейді. Балаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес «Балаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сәйкес жүзеге асырылады.

25. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінің түлектеріне негізгі және жалпы орта білімі туралы мемлекеттік үлгідегі аттестат беріледі.

7. Білім алушылар, тәрбиеленушілердің білім беру үдерісін (соның ішінде тіл, тілдер), оқыту мен тәрбиелеу, сабақтар режимін ұйымдастыру тәртібі

26. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру үдерісін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады.

Оқу процесі ағымдағы жылғы I қыркүйектен бастап келесі жылғы 25 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

27. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқу және тәрбие процесі үлгілік оқу бағдарламаларына және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу жұмыс жоспарының үлгілік оқу жоспарларына және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (бұдан әрі – МЖМБС) сәйкес қамтамасыз етеді.

28. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қосымша білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары іске асырылады.

29. Оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттеледі. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім алушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білуін, сондай-ақ білім берудің тиісті деңгейінің МЖМБС-на сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің біреуін оқып-үйренуін қамтамасыз етеді.

30. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

31. Коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі сабақтар кестесін оның басшысы не оны алмастыратын тұлға бекітеді.

33. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

34. Коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді.

35. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі бір күндегі ең жоғары оқу жүктемесін белгілеуде, өздерінің жарғыларында айқындалатын оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін таңдауда дербес.

36. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде тамақтандыру объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолымен теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

37. Коммуналдық мемлекеттік мекеме білім беру процесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырады.

8. Білімдерін ағымдағы бақылау, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, түрлері мен оларды өткізу тәртібі

38. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын білім алушылардың игеруін бақылау мақсатында коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекіткен Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды және қорытынды аттестаттауды жүзеге асырады.

9. Ақылы қызмет көрсетудің тәртібі

39. Бюджеттік қаражат есебінен білім алушылар мен тәрбиеленушілерге коммуналдық мемлекеттік мекемесімен көрсетілетін білім беру қызметтері тегін көрсетіледі.

40. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге тыйым салынады:

1) мемлекеттік жалпы орта білім беру стандарттарының шеңберінде білім алушылармен тәрбиеленушілерге ақылы негізде білім беру қызметін ұсынуға;

2) «Білім туралы» ҚР Заңымен қарастырылған жағдайлардан басқа оқушылар мен педагогтерден ақша сұратып алуға.

41. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарынан жоғары келесі келесі тауарлардың (жұмыстар мен қызметтер) ақылы қызметтерін көрсету туралы шартты жасасуымен ақылы негізде ұсынуға құқылы:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру (балалар мен жасөспірім шығармашылығын дамыту, спорт, мәдениет пен өнер саласындағы қызығушылығы мен қабілетін, мамандардың біліктілігін арттыру);

2) оқу жоспары мен бағдарламалар бойынша бөлінген оқу сағатынан тыс мөлшерде пәндер бойынша жекелеген оқушылармен қосымша сабақтарды ұйымдастыру (пәндер мен пәндік кезеңдер);

3) пәндер бойынша ғылым негіздерін оқушылармен тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру (пәндер мен пән кезеңдері);

4) әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: оқушылар мен тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлер мен ересек тұрғындар арасындағы спорттық жарыстар, семинарлар, кеңестер, сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу және іске асыру;

5) музыкалық аспаптар мен Интернет – байланыстың қосымша қызметтерін пайдалануға табыстау;

6) білім беру ұйымдарында өткізілетін әр түрлі іс-шараларға қатысушылардың, оқушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануын қамтамасыз ету, жазғы демалысты ұйымдастыру;

7) энергоқондырғылар мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

8) өндірісті ұйымдастыру және оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтары мен аймақтық оқу-тәжірибелік кешендердің өнімдерін өткізу;

9) ғылыми зертеулерді өткізуге.

42. Коммуналдық мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыс жайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру бойынша қызметтерді көрсетуге құқылы.

Мүліктік жалдауға (жалға) беруден түскен табыс коммуналдық мемлекеттік мекемесімен өз бетінше пайдаланылады.

43. Коммуналдық мемлекеттік мекемесімен ақылы негізде ұсынылатын тауарларға (жұмыстар мен қызметтер) баға Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекітілуіне тиісті.

44. Ақылы қызмет негізінде қызмет көрсететін білім беру ұйымы мен білім алушылардың (тәрбиеленушілердің), олардың ата – аналары мен өзге де заңды өкілдерінің қарым – қатынасы келісім шартпен реттеледі.

Білім алушы барлық оқыту кезеңі үшін шығындарды бір мезетте өтеген жағдайда, келісімшарттағы төлемнің сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз қалады.

Оқытылуына арналған төлемдер кезең-кезеңімен өтелген кезде, еңбекақы төлемдері ұлғайған жағдайда және инфляция индексі ескеріліп, төлемдер сомасы жылына кем дегенде бір рет өзгеруі мүмкін.

10. Білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен білім беру ұйымдарының қарым-қатынасын рәсімдеу тәртібі

45. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мынаған құқылы:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша қысқартылған оқыту бағдарламаларымен, жеке дара оқыту жоспарлары бойынша мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқытылуға;

3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

4) өз бейімі мен қабілетіне сәйкес ақылы қосымша білім беру қызметін алуға;

5) білім беруді ұйымдастыруды басқаруға қатысу;

6) оқуға қайта алынуды, бір оқу орнынан басқа оқу орнына ауысуға;

7) білім беру ұйымдарындағы ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген тәртіпте оқулықтармен, оқу - әдістемелік құралдарымен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуге;

8) спорттық, оқу және мәжіліс залдарын, компьютерлік сынып пен кітапхананы тегін пайдалануға;

9) өз пікірі мен көзқарасын еркін түрде білдіруге;

10) өз адами ар-кадірін құрметтеуге;

11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін сыйақы алуға және марапатталуға;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жедел әскери қызметке алынудан шегерілуге құқығы бар.

46. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі білім алушылар мен тәрбиеленушілер мынаған міндетті:

1) білім берудің мемлекеттік жалпы білім беретін стандарттарына сай білім-білік және тәжірибелік дағдыларын меңгеруге;

2) ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға;

3) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне ұқыптылықпен қарауға;

4) Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі өзге білім алушылар мен қызметкерлердің абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының мәтіні мен музыкалық редакциясын білуге;

6) өз денсаулығына қамқор болуға, рухани және дене бітімін жетілдіруге ұмтылуға;

7) педагог қызметкердің ары мен намысын сыйлауға, өздері оқып жатқан оқу орнының дәстүрін құрметтеуге;

8) жалпы орта білім беру мекемесінде белгіленген мектеп киім үлгісін киюді сақтау және мектепте түрлі конфессиялардың діни киім үлгілерін киюге жол бермеуге (соның ішінде бас киімдер (тақиялар, бас орамалдар);

9) білім беру ұйымының жарғысы және білім беру қызметтерін ұсыну туралы келісімшартта көрсетілген өзге де талаптарды орындауға.

47. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері мынаған құқылы:

1) баланың жеке басының бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, қалауы бойынша білім беру мекемесін таңдауға;

2) ата – аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) коммуналдық мемлекеттік мекемесінен өз балаларының үлгерімі, тәртібі мен оқу жағдайлары жөніндегі ақпаратты алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес берулерден өз балаларының оқыту және тәрбиелеу мәселелері жөнінде кеңес алуға;

5) келісім шарт негізінде балаларының қосымша қызметтер алуына;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған өзге де құқықтары.

48. Ата-аналары және басқа заңды өкілдері міндетті:

1) балалардың өмір сүруі мен оқуы үшін саламатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дене күшінің дамуын, адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) мектепалды дайындықтарын қамтамасыз етіп, бұдан әрі жалпы орта білім беру мектебіне балаларды орналастыруға;

3) баланы тәрбиелеу мен оқыту барысында коммуналдық мемлекеттік мекемемен ынтымақтастық жасауға;

4) балалардың оқу орнына баруын қамтамасыз етуге;

5) ата-аналар жиналыстарына қатысу, қажет болғанда әкімшілік немесе мұғалімдердің шақыруы бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемеге оқу-тәрбие үдерісі бойынша жеке педагогикалық әңгімелесуге және педагогикалық көмек көрсетілуіне келуге;

6) оқушы бүлдірген коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне материалдық жауапкершілік тартуға міндетті;

7) оқушылардың білім беру мекемесінде белгіленген, мектеп киім үлгісін киюлерін қамтамасыз етуге;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған, өзге де міндеттер.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

49. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

50. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

51. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

52. Ұлдардың мектеп формасы:

- пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

53. Қыздардың мектеп формасы:

- пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

54. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.

55. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

56. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе керемет келетін галстук тігіледі.

57. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

58. Мектеп формасына коммуналдық мемлекеттік мекеменің ерекшелік белгілерін (белгілер, тігіспелер және т.б.) салуға болады. Олар киімнің немесе аксессуардың (пиджак, жилет, галстук) жоғарғы бөлігінде орналасады.

59. Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп, іске асырылады.

60. Мектеп формасына қойылатын талаптар бойынша жарақаттайтын фурнитурасы бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.

61. Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын коммуналдық мемлекеттік мекеме мен қамқоршылық кеңес айқындайды, жалпымектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

62. Мектеп формасына өзгерістер енгізу туралы шешім қамқоршылық кеңеспен келісу арқылы қабылданады.

63. Басшы осы Талаптармен ата-аналарды немесе заңды өкілдерді білім алушыны коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қабылдау туралы өтініш (еркін нысанда) беру кезінде қол қойғызу арқылы және жалпы мектептік ата-аналар жиналысында таныстырады.

64. Басшы оқу жылының 25 мамырға дейін мектеп формасының бекітілуін қамтамасыз етеді.

65. Гиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайларда шектеу іс-шаралары алынғанға, төтенше жағдай қолданысы, форс-мажор жағдайлары тоқтатылғанға дейін ата-аналар балаларды коммуналдық мемлекеттік мекемесіне киім бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

66. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

67. Жергілікті атқарушы органында келесі қызметтеріне ие:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемені құру, қайта құру және тарату туралы шешімді қабылдайды;

2) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды есептемегенде, коммуналдық мемлекеттік мекемесімен филиалдар мен өкілдіктерді құруға келісім береді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын (ережесін), оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді немесе облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға осыған уәкілет береді;

5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құру тәртібін және өкілеттік мерзімі мен коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

68. Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіпте келесі қызметтерді іске асырады:

1) коммуналдық мемлекеттік мекемені қаржыландыру жоспарын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеме мүлігінің сақталуын бақылайды;

3) белгіленген тәртіпте коммуналдық мемлекеттік мекемені, оның филиалдары мен өкілдіктерін құру, қайта құру және тарату туралы, коммуналдық мемлекеттік мекеменің Жарғысын бекіту, оған өзгертулер мен толықтырулырады енгізу туралы ұсыныстарды енгізеді;

4) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқығын, міндеттерін, жауапкершілігін және оны атқарып отырған қызметінен босату негіздемесін анықтайды;

5) коммуналдық мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің құрылымын және шекті штаттық санын бекітеді;

6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынуы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

7) Жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

8) жергілікті атқарушы органға коммуналдық мемлекеттік мекемесімен тапсырылған немесе өзінің шауарышылқ қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті алуға немесе қайта үлестіруге жазбаша келісімін береді;

9) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша коммуналдық мемлекеттік мекеменің қайта құрылуы мен таратылуын жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен жүктелген өзге де өкілеттерді жүзеге асырады;

69. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Басқару органымен қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

70. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық етеді, Басқару органына тікелей бағынып, коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттерді орындауға және өз функциясын іске асыруына жеке жауапты болады;

71. коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген өзінің құзырына сәйкес коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін жеке-дара және өздігінше шешу тұрғысында әрекет етеді;

72. коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғылық емес әрекетін жүзеге асыруға бағытталған коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады да, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеледі;

73. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік ұйымдарда және өзге ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;

3) келісім-шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) қызметкерлердің қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарына іссапарлары, тағылымдамадан өту, оқытудыңжәне олардың біліктілік арттырудағы өзге де түрлері бойынша мемлекеттік мекеменің тәртібін және жоспарларын бекітеді;

6) банктік есеп-шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Басқару органымен тағайындалған қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9)Басқару органымен келісім бойынша орынбасарын (орынбасарларын) тағайындайды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін марапаттайды және оларды тәртіптік жазаға тартады;

11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттілік шегін айқындайды;

12) коммуналдық мемлекеттік мекемеде жемқорлыққа қарсы әрекет етуді ұйымдастыру үшін жеке жауапты болады;

13) Басқару органымен келісім бойынша бас бухгалтерді лауазымына тағайындайды және лауазымынан босатады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқару органы немесе жергілікті атқару органымен оған жүктелген өзге де қызметтерді іске асырады;

74. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен жергілікті атқарушы органы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі;

75. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мен Басқару органы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі;

76. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде алқалы басқару органдары құрылады. Білім беру ұйымының алқалы басқару түрлері ретінде педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестері мен педагогикалық этика бойынша кеңес болып табылады.

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкін құру тәртібі

77. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі оның балансында көрсетілген активтері, құны құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі:

1) жергілікті атқарушы органымен тапсырылған мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге көздер есебінен қалыптастырылады.

78. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оған бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өздігінше бөлуге немесе өзге тәсілде иеленуге құқығы жоқ.

79. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру, спорт сынағы, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік мұражайлар мен мұражай-қорықтар өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

80. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органының не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

81. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есептерді жүргізеді және есептілікті ұсынады.

82. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия жасау Басқару органы және Қазақстан Республикасының белгіленген заңнамасымен белгіленген өзге мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас және жұмыс тәртібі

83. Жұмыскер мен Коммуналдық мемлекеттік мекеменің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

84. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек ережесімен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасындағы еңбек нормаларына қарама-қайшы болмауы тиіс.

15. Құрылтайшы құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

85. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқару органның немесе Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аймақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу шарасынан өтеді.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

86. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқару органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

87. Мемлекеттік заңды тұлға сондай-ақ заңнамалық актілермен қарастырылған, басқа да негіздермен таратылады.

88. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлігі борышкерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан соң қалған Жергілікті атқарушы органымен қайта бөлінеді.

89. Таратылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлігін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, борышкерлердің талаптарын қанағаттандырған соң тиісті бюджеттің кірісіне енгізіледі.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

90. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ

Басшы



А.Е. Байгазина